

Aşağıdaki diyalog metnini okuyunuz, metnin transkripsiyonunu yapıp Türkiye Türkçesine aktarınız, içeriği hakkında sınıfta konuşup sorulan sorulara cevap veriniz.

Kaynak:

Agzamova Z., K. Şaymerdenova (2006) Kazak Tili, Almatı.

*Анар:*

Манат, сен Арал теңізі жайлы не білесің?

*Манат:*

Иә, ол біздің экологиялық мәселелеріміздің бірі.

*Анар:*

Бұл мәселеге адамдардың қатысы бар деп ойлайсың ба?

*Манат:*

Әрине, Аралдың мол суын адамдар дұрыс пайдаланбағандықтан суы тартылып қалған.

*Анар:*

Менің естуімше, теңіздің суы бұрынғы жағалаудан 15—20 шақырымға алыстап кеткен екен.

*Манат:*

Сол аймақта тұратын адамдардың тағдыры да өте ауыр.

*Анар:*

Тіршілік етулері де қиындаған болар. Келешекте не болар екен?

*Манат:*

Ғалымдардың айтуынша, Арал арнасы қайта толады деген үміт бар.